«JASYL EL» жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабы
010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Д.Қонаев көшесі 12/1, «Сулы-жасыл бульварда» БО, 12 қабат, 1205 кеңсе
Тел.: +7 (708) 477 9500

Республиканский штаб молодежных трудовых отрядов «JASYL EL»
010000, Республика Казахстан, г. Астана, ул. Д. Кунаева 12/1, БЦ «На Водно-Зеленом Бульваре», 12 этаж, офис 1205
Тел.: +7 (708) 477 9500

№008-26, 06.02.2026

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне

«JASYL EL» жастар еңбек жасақтарының Республикалық штабы 83473669-ГС31 әлеуметтік жобасының шешімімен келіспейтінін хабарлайды.

Өтінімді бағалау барысында төмендегідей өрескел қателіктер орын алған:

1. «Жасыл ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы

- Әлеуетті жеткізуші ұсынған жобаның тапсырыс берушінің техникалық сипаттамасының талаптарына келесі бөлімдерді қоса алғанда сәйкестігі бөлігінде **6 балл** берілуі тиіс. Себебі ұсынылған құжаттар техникалық сипаттамада көзделген талаптардың барлығына толық сәйкес келеді.

Алайда аталған тармақ бойынша негізсіз түрде **0 балл** қойылған. Комиссия мүшелері техникалық сипаттамада қызметтің толық атауы толтырылмаған деген уәжбен ұйымның конкурсқа қатысу мүмкіндігін шектеген. Бұл шешім қолданыстағы мемлекеттік сатып алу талаптарына қайшы және заңсыз деп есептейміз.

Өтінім беруші тапсырыс беруші ұсынған мәліметтерге сәйкес қызмет атауын толық әрі нақты түрде көрсеткен, сондықтан көрсетілген кемшілік туралы тұжырым шындыққа сәйкес келмейді және өтінімді төмен бағалауға негіз бола алмайды.

1 скриншот. Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігі

Сатып алынатын қызметтердің Техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 15997982-1
Конкурстың атауы:	Мемлекетік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілетін 2026 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындау бойынша мемлекеттік сатып алу қызметтер бойынша байқаулар
Лоттың нөмірі:	№ 83473669-ГС31
Лоттың атауы	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	841214.000.000000
Қызметтің атауы:	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1

раздел "Параметры".

2 скриншот. Өтінім берушінің өтінімі

Құжат жоба ретінде көрсетілуі қажет және келесі мағлұматтар қарастырылуы керек:
Конкурс №: 15997982-1

Конкурс атауы: Мемлекетік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілетін 2026 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік маңызы бар жобаларды орындау бойынша мемлекеттік сатып алу қызметтер бойынша байқаулар

Лот №: 83473669-ГСЗ1

Лот атауы: Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс- шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер

Тапсырыс беруші: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

3 скриншот. Конкурстық комиссияның заңсыз негізі

2	**"Жасыл ел" жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы" М, БСН (ЖСН): 050540009743**			
	МЫРЗАХАН ЕРНАР ЕРЛАНҰЛЫ, Төраға	Қабылдамау	Конкурстық құжаттамаға сәйкессіздігі	в Технической спецификации не заполнено полное наименование услуги;
	КОСАКБАЕВА АЙГЕРИМ СЕРИКОВНА, Мүше	Қабылдамау	Конкурстық құжаттамаға сәйкессіздігі	в Технической спецификации не заполнено полное наименование услуги;
	ИВАШЕВСКАЯ ЕКАТЕРИНА НИКОЛАЕВНА, Мүше	Қабылдамау	Конкурстық құжаттамаға сәйкессіздігі	в Технической спецификации не заполнено полное наименование услуги;
	Веб - портал	Қабылдамау	Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына жобаның сәйкес келмеуі	

Осы дәлелдерді есепке ала отырып, заңды түрде **6 балл** берілуі тиіс.

- Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) бөлігіне **2 балл** берілген. **Бұл заңсыз балл.** Өтінім беруші жобаны іске асыруға **5 маманды** тартты. Олар жобаның **басшысы, жетекшісі, 2 координатор және бухгалтер**. Мамандардың барлығының дипломдары, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттары бар, яғни біліктілігін растайтын құжаттар бар болып танылады. Бұл бөлікте заңды түрде **4 балл** берілуі керек. Себебі, Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін жеткілікті еңбек өтілі мен біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған.

2. «СҚО Жастар Мәслихаты» ЖҚБ

- Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген) бөлігіне заңсыз **2 балл** берілген. Өтінім беруші нақты дәлелдейтін құжаттарды, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттарды ұсынбаған. Сондықтан бұл бөлікке заңды түрде **0 балл** берілуі керек.

- Әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметтер бөлігінде заңсыз **2 балл** берілген. Өтінім беруші **2025 жылғы деректерін уақытылы толтырмаған**. Сондықтан бұл бөлікке заңды түрде **1 балл** берілуі керек.



БИН	Наименование на русском	Наименование на казахском	ОПФ	Направление деятельности	Регион	Период отчета	Дата отправки	Руководитель	Юридический адрес НПО (населенный пункт)
120240016037	МОО "Молодежный Маслихат СКО"	МОО "Молодежный Маслихат СКО"	Общественное объединение	поддержка молодежной политики и детских инициатив	-	2024	03-03-2025 11:05:12	Альжанов Тимур Аскарович	УЛИЦА ИНТЕРНАЦИОНАЛЬНАЯ, ДОМ 68
120240016037	МОО "Молодежный Маслихат СКО"	"СҚО Жастар Мәслихаты" ЖҚБ	Общественное объединение	Поддержка молодежной политики и детских инициатив	Северо-Казахстанская область	2023	20-02-2024 00:00:00	Альжанов Тимур Аскарович	Петропавловск

- Әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының (құрылтайшы құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабында көзделген бағыттарға сәйкестігі бөлігіне заңсыз **2 балл** берілген. Конкурстық құжаттама талаптарына және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, әлеуетті жеткізуші өзінің құқықтық мәртебесін және заңды тұлға атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құрылтай құжаттарының толық топтамасын ұсынуға міндетті. Егер ұйымдық-құқықтық нысан ЖҚБ ретінде ұсынылса, мұндай құжаттарға ұйымның жарғысы мен **құрылтай шарты** жатады. «СҚО Жастар Мәслихаты» ЖҚБ өтінімінде **құрылтай шарты ұсынылмаған**, бұл аталған құжаттың қоса берілген материалдар тізбесінде болмауымен расталады. «СҚО Жастар Мәслихаты» ЖҚБ конкурстық өтінімі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаның 3-тарауы 18-тармағының талаптарына сәйкес келмейді, өйткені өтінім құрамында құрылтай құжаты жоқ. Аталған жағдай өтінімді біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тануға және оны қарау кезеңінде кері қайтаруға негіз болуы тиіс еді. Бұл жерде **0 балл** берілуі және әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс.

- Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде заңсыз **3 балл** берілген. Өтінім беруші **2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2020, 2021 жылғы** 7 жылдық тәжірибесін көрсеткен. Бұл бөлікте Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесіне сәйкес **2 балл** берілуі тиіс.

1	2	3	4	5	6	7	8 Жалпы балл
«Жасыл ел» жастар еңбек отрядтарының республикалық штабы	6	2	2	8	0	4	**22**
«СҚО Жастар Мәслихаты» ЖҚБ	0	0	1	2	6	0	**9**

Жоғарыдағы кемшіліктерге байланысты конкурстың бағалауын әділ өткізулеріңізді талап етеміз. Шешім қанағаттандырмаған жағдайда, сотқа шағымданатынымызды ескертеміз!

Басшы (ЭЦҚ арқылы қол қойылды) Н.Бекматов

☏ *jasyl_el@mail.ru, +7 708 477 9500*